

Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсы.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде білім алушылар жаһандық мәселелер, мәдениетаралық қатынастар, әлеуметтік қатынастардың әртүрлі модельдерінің маңыздылығы туралы білімдерін тереңдетеді, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, қажетті ақпарат көздерін іздеу, ақпаратты талдау және жинау әдістерін анықтайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді.

Екінші бөлімінде «Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейбір мәселелерді зерделеу» бойынша білім алушыларға зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі, халықаралық және жергілікті көздерге шолу жасалады.

Үшінші бөлімінде «Әр түрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу» бойынша кіретін тақырыптар: «Дүниетанымды түсіну», «Басқа адамның көзқарасын қабылдау қабілеті», «Басқа мәдениеттерді ұстанатын адамдарға құрмет», «Толеранттылық: бір-бірімізді түсінуді үйрену», «Жобалық жұмыс. Зерттеу».

Төртінші бөлім «Білім алушылардың мәдениеттері арасындағы ашық және өзара тиімді әрекеттерге қатысу» білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігін түсінуін қалыптастыруға,

әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына, жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу қажеттілігіне арналған.

11-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юнитінен тұрады.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

Күтілетін нәтиже:

Кәсіпкерлік ойлауы қалыптасқан, бастамашылдыққа ұмтылған, табанды, санал, жауапты, бизнес туралы бастапқы білімді меңгерген азаматтар.

**«Жаһандық құзыреттер» курсынан
11 сыныпқа арналған
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

№	Тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Ескертулер
Бизнес және кәсіпкерлік негіздері				
1	«Бизнес» ұғымының анықтамасы, мәні мазмұны	1	2.09-9.09	
2	Бизнес экономикалық қызметтің қозғаушы күші	1	12.09-16.09	
3	Бизнес жүргізуге қажетті құжаттар	1	19.09-23.09	
4	Бизнесті жүргізудің негізгі жоспары, жіктелуі, өткізу нарығы	1	26.09-30.09	
5	Нарықтық тепе-теңдік	1	3.10-7.10	
6	Бизнес жүргізудің тиімді жолдары	1	10.10-14.10	
7	Бизнес түрлері: шағын және орта бизнес	1	17.10-21.10	
8	Кәсіпкерлік ұғымы туралы түсінік	1	24.10-28.10	
9	Кәсіпкерліктің даму тарихы	1	7.11-11.11	
10	Кәсіпкерлік қызметтің белгісі, нысаны, түрі	1	14.11-18.11	
11	Кәсіпкерліктегі инновациялар мен әлемдік, аймақтық және жастардың трендтері	1	21.11-25.11	
12	Заманауи жағдайдағы кәсіпкерлік	1	28.11-02.12	
13	Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы	1	5.12-9.12	
14	Баға белгілеу – экономикалық категория ретінде. Баға қызметі мен мәні	1	12.12-15.12	
15	Бизнес пен кәсіпкерлікті дамытудағы коммуникацияның қызметі	1	19.12-23.12	

	Маркетингтің дамуы	1	26.12-30.12	
17	Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік	1	9.01-13.01	
18	Еліміздегі бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жобалары	1	16.01-20.01	
Қаржылық сауаттылық				
19	Қаржылық сауаттылық туралы түсінік	1	23.01-27.01	
20	Қаржылық сауаттылықты арттыру стратегиялары	1	30.01-03.02	
21	Қаржылық сауаттылық негіздері – қаржылық сауатты адамдардың 5 негізгі дағдысы	1	6.02-10.02	
22	Қосымша табыс көздерін пайдалану	1	13.02-17.02	
23	Ақша бақылауда болғанды ұнатады	1	20.02-24.02	
24	Инвестиция және оның түрлері	1	27.02-3.03	
25	Құндықағаздар нарығы	1	6.03-10.03	
26	Капиталды ақылмен инвестициялау	1	13.03-17.03	
27	Өз бюджетіңізді талдаңыз	1	27.03-31.03	
28	Отбасылық бюджетті бақылау	1	3.04-7.04	
29	Қаржылық қызметтерді және құралдарын пайдалана білу	1	10.04-14.04	
30	Қаржы жинақтаудың тиімді жолдары	1	17.04-21.04	
31	Кеңінен таралған қаржылық өнімдер	1	24.04-28.04	
32	Меншікті қаржы құралдарын басқару дағдылары	1	2.05-5.05	
33	Халықтың қаржы жүйесі, оның жұмыс істеу қағидаттары	1	8.05-12.05	
34	Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі	1	15.05-19.05	

	Қаржылық сауатылық және экономика	1	22.05-26.05	
36	Курсты қорытындылау	1	29.05-31.05	
	Барлығы:	36		

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет.
2. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 286 бет.
3. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 206 бет.
4. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440б.
5. Утченко С.Л., 1994 – *Утченко С.Л.* Политико-философские диалоги Цицерона («О государстве» и «О законах»). Марк Туллий Цицерон. Диалоги. Москва: Ладомир-Наука, 1994. – с. 160.
6. Ұлттық тәрбие негіздері. Дәрістер курсы. /Авторлар ұжымы.. – Алматы, 2010. - 91б.
7. Пірәлиев С.Ж., Нарыбаев К.Н., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Махметова Б.Т.,
8. Национальный План действий по охране окружающей среды для устойчивого развития. – Алматы, 1999.
9. Окружающая среда и устойчивое развитие в Казахстане. /Обзор. Серия публикаций ПРООН Казахстан №UDPKAZ 06. – Алматы, 2004.
- 10.Будыко М.И. Глобальная экология. – М., 1977.